

Капитал нарығы

Тоқсандық шолу

2025 жылғы 3-тоқсан

МАЗМҰНЫ

1 ҚЫСҚА ШОЛУ

АХҚО БИРЖАСЫ

- Бөлшек инвесторлар және сауда мүшелері
- AIX QAZAQ Index
- Жалпы шолу
- Акциялар нарығы
- Борыштық бағалы қағаздар нарығы



ҚЫСҚА ШОЛУ

2025 жылдың үшінші тоқсанындағы жағдай бойынша АІХ Қазақстанда және кең аймақта капиталды тарту және нарықтық инфрақұрылымды дамыту үшін негізгі платформа ретіндегі өз рөлін нығайтты. Сауда-саттық көлемі \$1,1 млрд-қа жетті, ал листингтік бағалы қағаздар саны 106-ға өсті. Бұл өсу эмитенттердің де, инвесторлардың да сенімді нарыққа деген тұрақты сенімін көрсетеді. Іске қосылған сәттен бастап АІХ алаңына \$9,3 млрд доллар (борыштық және үлестік құралдар) тартылды, ал АІХ ресми тізіміне 334 бағалы қағаз енгізілді.

САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

АХҚО биржасы жыл басынан бері рекордтық \$1,1 млрд айналымға жетіп, сауда көлемінің айтарлықтай өскенін көрсетті.

\$1,1
млрд

\$1,1 млрд

2024 жылғы сол кезеңдегі \$922 млн-мен салыстырғанда (+19,2%)

\$3,6 млрд

Іске қосылған сәттен бергі сауда-саттықтың жалпы көлемі

ТАРТЫЛҒАН КАПИТАЛ

Тартылған капиталдың жалпы көлемі \$3,3 млрд-қа ұлғайды.

\$3,3
млрд

\$3,1 млрд

2025 жылы үшінші тоқсанда тартылған қарыз капиталы

\$9,3 млрд

Іске қосылған сәттен бері тартылған капитал

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЛИСТИНГІ

АХҚО биржасының ресми тізіміне 182 эмитенттен 334 бағалы қағаз енгізілген.

334
ЛИСТИНГ

+106 листинг

2025 жылдың 3 Тоқсанында

+85 листинг

2024 жылдың сол кезеңінде

ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE

Astana International Exchange (АХҚО биржасы) 2017 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) дамыту аясында құрылған.

АКЦИОНЕРЛЕР

- АХҚО әкімшілігі
- Шанхай қор биржасы
- Жібек жолы қоры
- NASDAQ

ӨНІМДЕР

- Акциялар
(IPO/SPO, Pre-IPO, аймақтық акциялар нарығының сегменті, Junior Mining, «Белдеу және Жол» сегменті)
- Борыштық құралдар
(мемлекеттік облигациялар, жеке орналастырулар (exempt/wholesale), исламдық және жасыл облигациялар)
- Құрылымдалған өнімдер (ETF, ETN)

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- Шетелдік инвесторларға жақсы таныс әрі түсінікті реттеуші режим
- Әлемдік деңгейдегі инфрақұрылым
- NASDAQ жоғары технологиялық сауда платформасы


БӨЛШЕК ИНВЕСТИТОРЛАР ЖӘНЕ САУДА МҮШЕЛЕРІ

2025 жылдың 3-тоқсанының соңында Қазақстанның 2,2 млн-ға жуық азаматының АИХ CSD инвестициялық шоттары болды. АИХ сауда мүшелерінің саны Қазақстан, Қытай, Еуропа және Таяу Шығыстан келген брокерлерді қосқанда 57 құрады. 2025 жылдың басынан бастап платформаға 4 жаңа брокер шықты.

БӨЛШЕК ИНВЕСТИТОРЛАР

2,2 млн

Бөлшек инвестор




Бөлшек инвесторлар – басқа тұлғалардың ұйымдарының өкілдерінен немесе қаражаттарын басқарушылардан айырмашылығы, қаржы нарықтарында өз қаражаттарын инвестициялайтын жеке тұлғалар.

САУДА МҮШЕЛЕРІ

57

Сауда мүшесі



АХҚО биржасының сауда мүшелері АХҚО биржасында қаржы құралдармен (акциялармен, облигациялармен) сауда жасауға құқылы. Олар өз клиенттерінің атынан мәмілелер жасайды.

AIX QAZAQ INDEX


2021 жылы іске қосылған AIX Qazaq Index (AIXQI индексі) нарықтық капиталдандыру бойынша өлшенген индекс болып табылады, ол қазақстандық және Қазақстанмен байланысты компаниялардың акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттарынан (GDR) тұрады. 2025 жылы AIX Qazaq индексі жыл бойы елеулі өзгерістерсіз қалды.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ МӘНІ



Индекстің динамикасы оның белгілі бір кезеңдегі жалпы құнының қаншалықты өзгергенін көрсетеді. Индекстің мәні қаржы нарықтарының жағдайын бағалаудың негізгі көрсеткіші болып табылады.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ



Индекске енгізілген компаниялар – бұл бизнестен түсетін кірістері ішінара немесе толығымен Қазақстанда пайда болатын Қазақстанда тіркелген компаниялар немесе операциялық қызметтерінің елеулі үлесі Қазақстанда шоғырланған компаниялар.

*2025 жылғы 2-тоқсандағы акциялар құнының өзгеруі

ЖАЛПЫ ШОЛУ

Жыл басынан бері биржа сауда-саттық көлемінің айтарлықтай өсімін көрсетіп, жыл басынан бері рекордтық \$1,1 млрд айналымға жетті. Жалпы, АІХ іске қосылғаннан бері жалпы сауда көлемі шамамен \$3,6 млрд құрады. Компанияның нарықтық капиталдандыруы шамалы өсіп, 89 млрд долларды құрады.


САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

\$3,6 млрд

2025 жылғы 3-тоқ. сауда-саттықтың жиынтық көлемі

\$392 млн


2025 жылғы 3-тоқ. сауда-саттық көлемі



НАРЫҚТЫҚ КАПИТАЛДАНДЫРУ

\$89B

Нарықтық капиталдандыру



Сауда-саттықтың жиынтық көлемі – бұл қор биржасында сатылатын барлық акциялардың сомасы. Әдетте, сауда-саттық көлемінің жоғары деңгейі жоғары өтімділікті көрсетеді, бұл инвесторларға акцияларды сатып алуды немесе сатуды жеңілдетеді.

Нарықтық капиталдандыру биржада ұсынылған акциялар нарығының жалпы құны мен ауқымын көрсетеді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2025 жылдың 3-ші тоқсанында акциялардың жаңа листингтерінің жалпы саны жыл басынан бері 24-ті құрады. АХҚО биржасында сатылатын акциялардың көлемі \$46 млн құрады, бұл жыл басынан бері жиынтығында \$140 млн құрады, бұл инвесторлардың айтарлықтай қатысуын және платформаның өсіп келе жатқан өтімділігін көрсетеді.

ЛИСТИНГТЕР МЕН ЭМИТЕНТТЕР

24


Листингтердің жалпы саны



САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ

\$46 млн

2025 ж. 3-тоқ, акциялар сауда-саттығының көлемі




Биржада орналастырылған компаниялардың (эмитенттердің) және листингтердің көбеюі, әдетте, нарықтың өтімділігін арттырады, бұл инвесторларға құнды мейілінше жоғалтпай акцияларды сатып алуға және сатуға мүмкіндік береді.

Акциялардың сауда-саттық көлемі – бұл белгілі бір уақыт аралығында қор биржасында сатып алынған және сатылған компания акцияларының жалпы саны.


ҮЗДІК АКЦИЯЛАР

ҚҰН ӨСІМІ ЕҢ ЖОҒАРЫ ҮЗДІК АКЦИЯЛАР


Solidcore



Kazatomprom



ҚазМұнайГаз



AIRA




Nandua




ЕҢ КӨП САТЫЛАТЫН 5 АКЦИЯ *


Solidcore




ҚазМұнайГаз




Air Astana



Банк
ЦентрКредит



Халық Банк




*2025ж. қыркүйектегі баға динамикасы

*2025ж. қыркүйектегі Сауда-саттықтың жалпы көлемінен үлес (акциялар + GDR)

БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ


2025 жылдың 3-ші тоқсанында борыштық міндеттемелер листингтерінің саны да, АХҚО биржасындағы эмитенттер саны да өсті: 28 жаңа листинг тіркеліп, жалпы саны 103-ке жетті. АХҚО биржасындағы борыштық міндеттемелермен сауда-саттық көлемі жыл басынан бері \$980,4 млн-ға ұлғайып, 2025 жылғы 3 тоқсанда \$345,6 млн-ға жетті. Құрылған сәттен бері борыштық міндеттемелермен сауда-саттықтың жиынтық көлемі \$2,6 млрд-қа жетті.

ЛИСТИНГТЕР МЕН ЭМИТЕНТТЕР



Қолжетімді борыштық бағалы қағаздардың мол болуы инвесторларға инвестициялардың кең таңдауын ұсынады.


САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ




Борыштық қағаздармен сауда-саттық көлемі – белгілі бір кезең ішінде қаржы нарықтарында сатып алынатын және сатылатын борыштық бағалы қағаздардың жалпы сомасы.

ТАРТЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

АХҚО биржасында тартылған борыштық капитал көлемі \$3,2 млрд-қа ұлғайып, \$9,7 млрд-ты құрады. Инвестициялардың салалар бойынша бөлінісі елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ, әлі де мынадай бағыттар: инвестициялық қызмет, мұнай және газ және мемлекеттік бағалы қағаздар көш бастап тұр.



Борыштық капитал – бұл компаниялар инвесторлар үшін облигациялардың әртүрлі түрлерін шығару арқылы тартатын қаражат.



Салалар бойынша бөлініс белгілі бір салалардың тартылған борыштық капиталдың жалпы көлемінен қанша үлесін алатынын көрсетеді.

ДИСКЛЕЙМЕР

Бұл ақпарат инвестициялық ұсыныс емес.

Осы материалдағы деректер жарияланған сәтте рас болып саналады, алайда біз оған кепілдік бермейміз.

Материалда берілген тұжырымдар мен қорытындылар бастапқы және қайталама көздерден адал жиналған және АХҚО олардың дәлдігіне әрқашан кепілдік бере алмайтын ақпаратқа негізделгенін назарға алыңыз.

Осы материалда баяндалған тұжырымдар, түсіндірулер мен қорытындылар міндетті түрде АХҚО әкімшілігінің ұстанымын білдірмейді. Берілген ақпарат тек жалпы танысуға арналған.

АХҚО әкімшілігі осы материалды өз мақсатыңызға пайдалану үшін оның нақты немесе болжамды құзыреттілігі, растығы, сенімділігі немесе жарамдылығы туралы ешқандай мәлімдеме жасамайды және сондай екеніне ешқандай кепілдік бермейді.

ЕСЕП АВТОРЛАРЫ

АХҚО әкімшілігі

- Қарымсақов Тимур
Деректер аналитикасы және салалық талдау департаментінің басшысы
- Бахазатханова Аружан
Деректер аналитикасы және салалық талдау департаментінің бас менеджері
- Сәрсен Бердібек
Деректер аналитикасы және салалық талдау департаментінің менеджері

АХҚО Биржасы

- Әбілқасым Бахтияр
Есептілік департаментінің менеджері

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- Сайт: www.aifc.kz
- АХҚО Биржасы : Markets@aix.kz
- Сауалдар : DataAnalytics@aifc.kz

